ONTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY
АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі**
**Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

# ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ӨҢДЕУ

Пән коды: ӘЭП 02
Пәні: «Саясаттану және әлеуметтану негіздері»
Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»
Курс: 1(1,6)
Семестр: 2
Бақылау түрі: с.сынақ

Шымкент, 2025 ж.

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде каралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі: ____________ А.Т. Сатаев

kzskma.edu.kz

**№1- сабақ.**

**5.1.Сабақтың тақырыбы**: Саясаттану ғылымы. Саяси ғылымының даму тарихы және негізгі кезеңдері.

**Сағат саны:** 90 мин

Сабақ түрі: теория

**5.2. Сабақтың мақсаты:**Саясаттанудың, әдіс-тәсілдерін, қызметтерін жете меңгерту

оқыту: Білім білік дағдыларын қалыптастыру.

тәрбиелік:Сұлулық тәрбиесі,өнердегі сұлулықты түсіне білу.

дамыту: Еріктілікті дамыту,танымдық қызығушылықты арттыру.

**1) Ұйымдастыру кезеңі** – 5 мин.

а)Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру**: 25 мин

а) Барлық оқушылырадың үй тапсырмасын орындауын тексеру;

ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;

б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) Оқушылылардың білімдерін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

**5.3. Дәріс тезистері:**

**3) Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин**

Ақпаратты – дидактикалық бөлім.

-Саясат дегеніміз не?

-Саясаттан тыс адам өмір сүре ала ма?

-Саясаттанудың негізгі қарастыратын мәселелері.

Саясаттану сөзі гректің “саясат” және “ілім” деген сөздерінен шыққан, саясат туралы ғылым деген мағынаны білдіреді.

Басқа қоғамдық ғылымдардың ішінде саясаттанудың орны ерекше. Себебі, адамзат тарихында саясат негізгі рөл атқарды. Адамдар саясаттың сырын, мәнін өте ерте заманнан-ақ ұғынғысы келді. Бірақ біздің дәуірімізге дейінгі ІІ – І мынжылдықтардағы саяси пікірлер діни-мифологиялық сарында болды. Соған орай олар билік, қоғамдық – саяси тәртіп құдайдың құдіретімен орнайды деп түсіндіреді.

Кейінірек адамзаттың іс – тәжірибесінің, ақыл – ойының мәдениетінің дамуына байланысты саясаттың ұғымдары, түсініктері, тұжырымдамалары пайда бола бастайды. Қоғамның әлеуметтік және саяси құрылымы мен қатынастарының одан әрмен күрделіленуі, материалдық өндірістің, халық санасының өсуі оның өміріне мемлекеттің тікелей араласуына әкеліп соқтырды. Мұндай жағдайда ұлы ойшылдар саясатты ғылыми тұрғыдан түсінік, осы орында пайдаланудың, мемлекетті тиімді басқарудың жолдарын іздестіре бастады. Бұдан келіп саяси теориялар туды.

Әдетте саясаттанудың негізін қалаушы деп данышпан ғылым Аристотельді атайды. Өйткені ол өз дәуірінде лицей ашып, сонда саяси ғылымды жеке пән ретінде оқытып, өзі жүргізді. «Саясат» деген еңбек жазып, онда ежелгі грек мемлекеттерінің (онда әрбір қала мемлекет болып саналатын) саяси жүйесін зерттеді. Дегенмен ұлы ғалым саясаттану пәнін қазіргі біздің түсінігіміздей басын ашып бере алмады. Ол саясаттың негізі адамның өзімшіл, хайуандық табиғатында жатыр деп ұқты. Жеке адам көзсіз құмарлыққа берілгіш келеді. Сондықтан оның соқыр сезімін тежеп, жалпыға ортақ игілікке әділеттілікке жетуді жеңілдету, адамның

адамгершілік қасиетін арттыру үшін саясат жүргізу керек деп түсінді. Сонымен қатар ол саясаттану мәселелерін этика, фәлсафа (философия) мәселелерімен бірге қарады.

Саясаттану пәнінің қалыптасуына мол үлес қосқан Италияның XVI ғасырдағы ойшылы Н. Макиавелли болды. Ол саяси зерттеулерінің ең бастысы етіп, мемлекеттік билікті қойды. Сонымен қатар ол саяси ойды діни – мифологиялық емес, шын мәнінде іске асыруға болатын нақтылы өмірдің туған мәселелерді шешуге бағыттады.

Феодализмнің ыдырап, капиталистік қатынастардың қалыптасуы қоғамды демократияландырып, жалпыға бірдей сайлау құқығын кіргізуге, көпшілік саяси париялар мен қазыналардың қанат жаюына, ақпарат құралдарының өрістеуіне әкелді. Халықаралық мемлекетаралық қатынастардың ауқымы кеңейді, саясаттың қызметтері мен міндеттері күрделеліне түсті. Сондықтан саяси құбылыстар мен процестердің арнайы зерттеуге, саясаттану теорияларын жасауға тура келді. Бұл ретте Дж. Локк, Ш. Монтескье, Ж.Ж. Руссо, Т. Джефферсон, Т. Пейн, И. Кант, Гегель сияқты көрнекті ғалымдар көп еңбек сіңірді.

Саясаттану XIX ғ. екінші жартысында өзінің қазіргі бейнесіне келіп, өз алдына пән ретінде қалыптасады. 1857 жылы АҚШ-тың Колумбия колледжінде Френсис Либер деген оқымысты «тарих және саяси ғылым» деген кафедра ашады. 1872 ж. Францияда мемлекеттік аппаратқа арнайы қызметкерлер дайындайтын саяси ғылымдар мектебі жұмыс істей бастайды. 1889 ж. Американың саяси және әлеуметтік ғылымдар академиясы, 1903 ж. Америкалық саяси ғылымдар ассоциациясы құрылады.

XX ғасырдың басында саясаттану өзінше бөлек академиялық пән ретінде толық бөлініп шығады. Бұл ғылымның халықаралық мәртебе алып, толыққанды қалыптасуына ЮНЕСКО-ның басшылығымен 1949 жылы құрылыған саяси ғылымдарының халықаралық ассоциациясы зор рөл атқарады. Ол саяси зерттеудің саяси белсенділігін арттыру жолында қазір де жемісті еңбек етуде.

Бүгінгі танда АҚШ-тың Шығыс елдерінің барлық жоғары оқу орындарында саясаттану жеке пән ретінде барлық факультеттерден міндетті түрде оқытылады. Мысалы АҚШ-та саясаттанудың мамандандырылған 26 саласы бойынша білім береді. Шет елдерде бұл ғылымның қолданбалы түрі кең өріс алған. Оны бітірген маман саясаттанушылар маңызды саяси шешімдердің жобаларын сараптауға, партиялар немесе бірлестіктердің сайлау алдындағы бағдарламаларын талдауға, үкіметтік дағдарыстар мен халықаралық қатынастарға шиеленіс жағдайларының себебін ашуға кеңінен пайдаланады.

Бұрынғы Кеңес елінде бұл ғылымды партияға, халыққа қарсы, буржуазиялық ғылым деп айдар тағып, оқытпаған болатын. Себебі Кеңес өкіметі шын мәнінде саяси сауатты адамдарды дайындауға мүдделі болмады. Ондай жағдайда тоталитарлық система 70 жылдан артық дәуренін құра алмаған да болар еді.

Бірақ бұдан ол кезде саяси ғылымға еш көңіл бөлінбеген екен деген ой тумауға тиіс. Саясат мәселелері қаралап, зерттеліп жатты. Алайда олар ғылыми коммунизм, тарихи материализм, коммунистік партия тарихи сияқты коммунистік идеологияға негізделген пәндердің шеңберінен шықпайтын және ең алдымен қандай әлеуметтік – саяси процестер социализм мен коммунизмге әкелуге мүмкін соның жолдарын іздейтін.

Саясаттануға деген көзқарас 80 жылдардың екінші жартысында бұрынғы Кеңес Одағындағы түбегейлі реформаларға, қоғамның демократиялануына, тоталитарлық жүйенің күйреуіне байланысты өзгерді. 1989 жылдан жоғарғы Аттестациялау Коммисиясында саясаттанудан эксперттік кеңес жұмыс істей бастады. 1990 жылы КСРО ның ғылыми және техника бойынша Мемлекеттік комитет «Саяси ғылымдар» деген атпен саяси ғылым қызметкерлерінің тізімін ресми түрде бекітті. 1989 – 1990 оқу жылдарында Прибалтика елдерінде, 1990 жылдан бастап

ТМД-ның басқа елдерінде саясаттану оқытыла бастады. Қазір біздің Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында дерлік бұл ғылым жеке пән ретінде өтілуде.

Қоғам мен саясатты әр түрлі қоғамдық ғылымдар зерттейді. Сондықтан саясаттануды ерекшелігін, басқа адамгершілік (гуманитарлық) ғылымдар арасында алатын орнын ашып алған жөн.

Саясаттану ең алдымен фәлсафамен (философиямен) тығыз байланысты. Фәлсафа – табиғат, қоғам және таным дамуының неғұрлым ортақ зандары туралы ғылым. Ол дүниеге тұтас көзқарас туғызады. Сондықтан ол басқа пәндерге, соның ішінде саясаттануға, жалпы әдістемелік ғылым болып келеді. Ол саясатты фәлсафалы тұрғыдан дәлелдейді. Саяси құбылыстар мен процестерді талдауға дүниетанымдық бағдар береді. Саясаттану болса қоғам өмірінің саяси саласындағы жалпы зандылықтарды нақтылайды, айқындайды, саяси танымды терендетеді, саяси көзқарасты қалыптастырады. Мысалы, ол нақтылы саяси институттарға құрылымдарға, жүйелерге талдау, саяси жоспарлар және болжам жасай алады.

Саясаттану саяси экономикамен өзара байланысты. Саяси экономика саяси процестерді эканомикалық тұрғыдан дәлелдей келіп, ол процестердің негізінде экономикалық мүдделерді жүзеге асыру үшін күрес жатқанына көз жеткізеді.

Саясаттану құқықтық ғылыммен тығыз байланысты. Құқық адамдардың қоғамдағы қатынастары мен тәртібін, жүріс-тұрысын реттейді. Оны зерттеушілердің көбі құқық заңға айналдырылған экономикалық үстем таптың еркі деп те атайды(Маркс).

Саясаттану құқықтануға жалпы теория, оның теориялық әдістемелік негіз іспеттес. Саяси өкімет жүйесінсіз әлеуметтік, оның ішінде құқықтық ережелер мен қатынастар жалпыға міндетті сипат алып орындалмайды. Сонымен қатар құқықтық тұрғыдан қалыптаспай саяси өкімет те әдеттегі қызметін атқара алмайды.

Саясаттануға ең жақын ғылымдардың бірі - әлеуметтану (социалогия) саясаттану саясатқа белгілі бір зандықтарға бағынып, іс жүзінде белгілі бір принциптердің жүзеге асыратын, дамып, өзгеріп отыратын процесс ретінде қарай. Ал әлеуметтану оған процесс ретінде емес, адамдық өлшем ретінде зерттейді. Оның айналысатын мәселелері: адамды және қауымдастықты дамытуға саясат не бере алады және саясатты жетілдіру үшін адамдар не істей алады. Сайып келгенде, саясаттанудың негізгі назары саясатта болса әлеуметтанудың назары саясатты жасаушы адамдар болады.

Аты аталған ғылымдармен қатар саясаттану басқа да адамгершілік ғылымдармен байланысты. Солай бола тұра саясаттанудың өзіне тән зерттеу объектісі бар. Оған қоғамның саяси саласы, ондағы болып жатқан барлық саяси құбылыстар мен процестер жатады.

Қазір біздің еліміз тәуелсіздігін алып, шын мәнінде демократиялық жолға түсіп жатқан шақта азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет орнату үшін саясаттану пәнін оқып – үйрену болашақ мамандарға ауадай қажет.

Әкімшілік экономикадан нарықтық шаруашылыққа, тоталитарлық жүйеден демократиялық құқықтық мемлекет құруға өту жұртшылықтың саяси мәдениетін түбегейлі өзгертуді талап етеді. Саясаттануды оқып үйрену саяси шыдамдылықты, келісімге, ымыраға келуге дайын болуды, өркениетті және заң шеңберінде демократиялық институттар арқылы өз мүдделерін білдіріп, қорғай білуді, әлеуметтік шиеленістердің алдын алып, болдырмай немесе оларды ауыртпалықсыз жеңілірек шешу сияқты қасиеттерді қалыптастырады.

Қазіргі демократиялық мемлекеттерде саяси оқу институттарының қызметі негізгі адамгершілік құндылықтарды, әсіресе әрбір тұлғаның еркіндігі мен абыройын, оның табиғи, ажырамас құқықтарын мойындап, қадірлеуге негізделген.

Саяси білім азаматқа өмір сүріп отырған қоғамдық және саяси құрылысты, мемлекеттегі өз орны мен рөлін құқығы мен міндеттерін дұрыс ұғынып жете түсінуге көмектеседі. Оның мақсаты – адамды күрделі әлеуметтік – саяси жағдайды лайықты жөн таба білуге, басқа адамдардың мүдделері мен құқығын сыйлай отырып, өз мүддесін қорғай білуге үйрету. Сонымен қатар ол азаматтарды демократиялық тәртіпті және оны қамтамасыз ететін мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарды сыйлауға баулиды. Себебі берік саяси тәртіпсіз жеке адамның шын мәніндегі еркіндігін болуы мүмкін емес.

Бұрын саяси білімнің мақсатын негізінен азаматтардың арасында «этикалық парызды» насихаттауға, оларды мемлекет және оның шығарған зандарын сыйлауға азаматтық міндеттерін орындауға әрқашан дайын болуды қалыптастыруға саятын.

Ең алдымен тек мемлекеттің қажеттілігін ескеретін мұндай тәсіл, көзқарас Европада, әсіресе Германияда XX ғасырдың 60 жылдарына дейін орын алды. Ал АҚШ та көп жылдар бойы саяси білімнің пайдалы нәтижеге жетуді көздеген прагматикалық бағытты басым дамыған ол азаматтарды өзінің өмірлік мәселелерін басқа адамдармен өркениетті қарым қатынаста, ынтымақсыздықты шешуді үйретеді, әр түрлі дау- дамай шиеленістірді онша ауыртпалықсыз, қатты қиналтпай реттеуге баулиды. Қазір демократиялық елдерде саяси білім жүйесі европалық және американдық ғұрыптарды біріктіруге бүкіл мемлекетпен қатар жеке тұлғалардың мүдделердің үйлестері ескере отырып шешуге тырысады.

Біздің заманымызда қандай кәсіппен айналысқанына қарамастан саяси білім мен мәдениет әр адамға қажет. Себебі ол қоғамда тұрып тіршілік еткендіктен басқа адамдармен және мемлекетпен сөз жоқ бірлесіп әрекет жасауы керек. Мұндай білімі жоқ адам саяси істерді амал-айла қулықтың құлы болып кетеді оны саяси жағынан белсенді күштер өз мақсатына пайдаланып, ойындағысын істейді.

Азаматтардың көпшілігі саяси сауаттылығы қоғам үшін де қажет. Саяси сауаттылық қоғамды бір аламның дара әкімшілігін негізделген үкімет жүйесінен қатал деспоттық басқарудан, адамгершілікке қарсы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдастырудың эканомикалық тиімсіз түрлерінен сақтандырады. Сондықтан адамдарды біріктіріп бір мемлекеттің ішінде өркениетті өмір сүруге тек жеке адам ғана емес, бүкіл қоғам мүдделі және ол осы бағытта талмай тиімді жұмыс істеуі тиіс.

Белгілі дәрежеде ғылым пәнінің өзінде алдын ала анықталғандық пен тапсырыстық тұрғыдағы емес, дамудың рационалды-логикалық негізі тұрғысындағы ғылыми білімнің нақты жүйесінің даму мүмкіндігі жасырынған қалыпта болады. Кез келген ғылым пәнінің бірден дайын күйінде берілуі мүмкін емес, ол пайда болудың, қалыптасудың ұзақ жолынан өтуі керек, өйткені ол объектінің жай ғана бөлігі ғана емес, осы бөліктің идеалды конструкциясы да. Бұл процесс жаңа ғылымның өзінің жеке пәнімен бірге бөлінуінің, тармақталуының негізінде ғылыми білімдердің жалпы жүйесінің шеңберінде іске асады.

Тарихи тұрғыда саяси білімдер қоғамдық ғылымдардың әрқилы жүйелерінде қалыптасып дамыды: тарихи ғылымдарда саяси қатынастардың даму тарихы ретінде қандай да бір елдегі мемлекеттік биліктің қалыптасуы мен қызмет етуінің тарихы мен саясаттың әрқилы субъектілерінің іс-әрекеттерінің тарихы қарастырылады; заң ғылымдарында мемлекеттік құқықты зерттейтін ғылыми іс-әрекет ретінде; философияда саяси қатынастар мен биліктің дүниетанымдық, моральдық-этикалық, әлеуметтік, психологиялық негізін көрсететін рефлексия ретінде қарастырылады.

Қазіргі кезде адамзат проблемалық аспектілердің көлемінің кеңдігін ескере отырып саясатты, саяси шешімдер мен іс-әрекеттерді аса мол әлеуметтік маңыздылығына және оған баламаның жоқтығына байланысты бірінші орынға шығарды.

Саясаттану – саясат туралы, яғни мемлекеттік және қоғамдық істер туралы ғылым (гр. politixa – мемлекеттік және қоғамдық істер). Алайда бұл терминологиялық анықтама саясаттану пәнінің мәнін толық аша алмайды. Бұл терминнің мазмұны белгілі дәрежеде ғылыми зерттеу объектісін, ғылым пәнінің іздену аясын көрсетеді.

Ғылым пәнінде объектінің басты, маңызды белгілері мен қасиеттері ғана бейнеленетіндіктен ғылым объектісі мен пәнінің арасындағы айырмашылық салыстырмалы сипатта болады, алайда ғылыми білімнің өзіндік сипатын түсіну үшін ғылым пәніне ғылыми ұғымдар мен түсініктерден көрініс табатын объектінің өзіндік бөлігі ретінде анықтама беру өте маңызды екендігін ескеру қажет.

Саяси білімдердің басқа да жүйелері секілді саясаттанудың да зерттеу объектісі саяси шынайылық. Қазіргі қоғам – күрделі құрылым, көпбейнеліліктің бірлігі мен экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани салалардың өзара әрекет ретінде қызмет ететін нақтылық. Бұл салаларды бөліп көрсету – қоғам өмірінің ғылыми-теориялық бейнесінің қажетті алғышарты.

Өркениеттің өне бойындағы тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, қоғам өмірінің барлық салаларының арақатынасы иерархиялық сипатта болады және ондағы басты рөлді экономика ойнайды. Қоғамдық өмір – объективті, әлеуметтік-практикалық процесс. Қоғамдық өмірдің табиғаттан ерекшелігі, онда оның өзін жасаушы субъект әрекет етеді. Сондықтан да, социумда қоғамдық процестердің, олардың даму себептерінің тұрпайы экономикалық түсініктері қабылданбайды, өйткені адамнан, оның әрекетінен тыс ешқандай тарих, ешқандай экономика болмайды. Анықтап айтсақ, субъект қалай болса, тарих солай болады.

Саяси шынайылық объективті, себебі қоғамдағы әлеуметтік жіктелуге орай үлкен топтар объективті түрде қатар өмір сүріп, өзара әрекет етеді. Бұлардың арасындағы осы қатынастарды саяси қатынастар деп атайды, өйткені топ мүдделерінің қабылдаған шешімдерінің іске асырылуы үшін олардыөзара келістіру қажеттігі пайда болады. Сонымен қатар саяси қатынастар адамдар арасындағы шынайы қатынастар болғандықтан субъектілер арасындағы қатынастар болып табылады, яғни субъект-субъектілік сипатта болады. Осы субъектілердің мүдделерін түйістіру және осының негізінде дамудың басты шарттары саналатын қоғам тұтастығын сақтау, әлеуметтік келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ету саяси шынайылықтың ең маңызды әлеуметтік проблемасы. Бұл үшін қоғамдық организмде басқару мен билік функцияларын атқаратын белгілі бір құрылымдық элементтер қалыптасады.

Тарихқа көз жүгіртсек қазіргі саяси жүйелердің өзегі болып отырған басқару мен биліктің мемлекеттік формасының кеш пайда болғандығын көреміз. Басқару мен билік мемлекеттен бұрын болған. Басқару мен биліктің негізін құрайтын саяси қатынастар рулық сипаттағы әлеуметтік қатынастардың бір түрі, ал таптық саяси қатынастар ретінде ауыспалы, өткінші болады.

Қазіргі заманғы саяси шынайылық – барлық бөліктері бір-бірімен өзара әрекеттес болып, тығыз байланысып жатқан құрылымданған күрделі бірлестік. Оның ең маңызды бөліктері мемлекет пен азаматтық қоғам. Сол себепті жалпы түрде саяси ғылымды мемлекетті зерттейтін, яғни мемлекет ісін зерттейтін ғылым және азаматтық қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың әрқилы түрлерін, сонымен қатар саяси қатынастар субъектісі адамды зерттейтін ғылым деп бөлуге болады.

Бұл қатынастардың өзегі билік болып табылады. Саясаттанулық мәселелер мемлекеттік биліктің қоғам өміріндегі орнын, оның жүзеге асу функциясы мен тетігін, оның қалыптасуына әлеуметтік күштердің қатысуы мен тигізер ықпалын, сондай-ақ мемлекеттік билік формасының өзгеруін анықтаумен байланысты. Мемлекеттік билік, оны ұйымдастырудың нақты формасы

мен функциялары биліктік қатынастардың табиғатымен де, қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерімен байланысты да анықталынады.

Қазіргі уақытта ТМД елдерінде саясаттану ғылым ретінде даму үстінде, ал бұл саяси білімдер жүйесін сапалы түрде жаңарту, төл ғылыми-теориялық, методологиялық негіздерін жасау қажеттілігін көрсетіп отыр. Өткендегі қоғамтанудың методологиялық, дүниетанымдық және жалпытеориялық негізі тарихи материализм болғаны белгілі. Нақты әлеуметтік пәндер үшін ол жалпы әлеуметтік теория есебінде болса, саяси білімдер жүйесінде жалпы саяси теория қызметін, яғни белгілі дәрежеде саясаттанудың қызметін атқарды.

Бұл жағдайдың қоғамтанудың қоғам туралы объективті ғылыми білімдер жүйесі ретінде дамуына кедергі келтіретін теріс жақтары да болды. Өйткені ғылым дүниетанымдық қағидаларды басшылыққа алып, тым идеологияландырып жіберілген еді.

Саяси білім идеологиялық құндылықтарды, қағидаларды тәжірибелік әрекетке көшірілгендіктен, оны тікелей жүзеге асыру жеңілдеді.

Саясаттанулық тәсілдің болмауынан бұрын қабылданған саяси шешімдер саяси мәдениеттің дамуына емес, қарапайым парасатқа, себеп-салдарлық байланыстардың тікелей қабылдануына, таптық, идеологиялк құндылықтарға, партиялық қағидаларға негізделінді. Бұның бәрі белгілі бір дәрежеде саяяси білімдерді бұрмалап, оларды эмпиризмге, шексіз фактологияға, немесе абстрактылық-теориялық схоластика – догматизмге душар етті.

Сонымен, саясаттану саяси білімдер жүйесін сапалы түрде жаңарту, оның теориялық-методологиялық ареалын құру, рухани базасын кеңейту, оны догматизмнің, КОКП-нің тарихи тәжірибесіндегі апологенетиканың құрсауынан құтқару үшін қажет. Тарихи електен өткізіліп саяси мәдениетте жинақталған консерваторлардың да, реформистердің де, революционерлердің де әрекеттерін бар ерекшеліктерімен қоса қамтитын адамзаттың дүниежүзілік саяси тәжірибесі біздің рухани игілігімізге айналуы тиіс. Саясаттану ғылым ретінде осы мәдениеттің теориясы және методологиясы болып табылады.

Қазіргі жағдайда саясаттанудың дамуы қоғамның сапалы түрде жаңаруына көмектесетін саяси мәдениеттің қалыптасуы мен өркендеуі үшін қажет. Қоғамның сапалы түрде өзгеруі азаматтардың саяси белсенділігінің нәтижесінде мүмкін болады. Бұл белсенділік елде әрқилы саяси ағымдардың пайда болуына әкеледі. Бірақ азаматтардың саяси белсенділігі бей-берекет схоластикалық сипатта емес, саяси және құқықтық мәдениет шегінен асып кетпеуі керек. КСРО халқы ұзақ уақыт бойы жеке басқа табыну мен тоталитарлық режим жағдайында өмір сүргендіктен, тарихи процестің субъектісі ретінде қазіргі саяси мәдениеттің құндылықтарынан мүлдем тыс қалды деуге болады.

Саяси практикада саяси мақсаттар, әлеуметтік идеалдар ерекше мәнге ие. Олардың қалыптасуында, теориялық анықтамасында саясаттану дербес емес, өйткені олардың мазмұны қоғамдық қатынастар жүйесінің табиғаиынан бой алады. Саясаттанудың рөлі оларды саяси қатынастарда, саяси шынайылықта белгілеу мен практикалық саясат тіліне аудару үшін қажетті теориялық және методологиялық негіздерді жете зерттеу болып табылады. Алайда, саяси шынайылық салыстырмалы түрде ғана дербес болғандықтан, мұнда саяси қатынас субъектілерінің түпкілікті мүдделеріне сай келмейтін, тиісті саяси жүріс-тұрысқа дағдыландыру мақсатында санасын манипуляциялау жолымен субъектіге таңылған жалған мақсаттарды қалыптастыру мүмкіндігі туындайды.

Саясаттану ғылым ретінде жалпы ғылыми әдістердің белгілі бір қорын пайдаланады. Саясаттану пәнін зерттеу барысындағы олардың қажеттілігі саясаттанудың ғылым ретіндегі пәні мен әдістерінің өзара тығыз байланыста екендігімен анықталады. Ғылыми зерттеудің

қандай да бір әдістері мен құралдарының басымдылығы саясаттанудың ғылым ретіндегі пәнінің өзіндік ерекшелігіне байланысты.

Саясаттанудың алдында тұрған осы міндеттер жүйесі саясат методологиясы мен теориясы, саяси институттар мен саяси қатынастар субъектілерінің саяси іс-әрекетін зерттеу тәрізді белгілі бір құрылымдық элементтерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Олар да өз кезегінде саясаттану әдістерінің әркилылығын анықтайды.

**.5.4.Көрнекі материал:**

Материалды техникалық жабдықталуы:

а) техникалық құралдар:компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар:өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер,тест тапсырмалары,сөзжұмбақтар.

б) оқыту орны: дәріс аудиториясы

**5.5 Әдебиеттер:**

1.Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 208 с.

2.Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: оқулық / Д. Ритцер, Д. Степницки ; қаз. тіл. ауд. Г.О. Әбдікерова [және т.б.]. - 10- басылым. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856 б. с. : (Рухани жаңғыру

3.Бринкерхоф, Д.Әлеуметтану негіздері: оқулық / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега ; Қаз.тіл.ауд.С.А Амандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с. : (Рухани жаңғыру).

4.Нысанбаев, А. Н. Политология: учеб. для вузов - Алматы : Эверо, 2014. - 384 б

5.Куппаева Б. Т. Политология. Т.1 : учебник для студ. вузов / Б. Т. Куппаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 224 с

6.Куппаева Б. Т. Политология. Т.2 : учебник для студ. вузов / Б. Т. Куппаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 272 с

7.Куппаева Б. Т. Политология. Т.3 : учебник для студ. вузов / Б. Т. Куппаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 268 с

8.Куппаева Б. Т. Политология. Т.4 : учебник для студ. вузов / Б. Т. Куппаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 296 с

9.Әлеуметтану : жаңа буынға арналған оқулық / А. Н. Тесленко, Ж. Ж. Сембина, А. Т. Аязбаева ; ҚР білім және ғылым министрлігі. "ҚазГЮУ университеті" АҚ. - Қарағанды : ЖШС "Medet Group", 2015. - 340 бет

10.Биекенов, К. У. Социология [Текст] : учеб. пособие / К. У. Биекенов, С. К. Биекенова, Г. А. Кенжакимова. - ; Рек. Учен. Советом фак. философии и политологии КазНМУ им. аль-Фараби. - Алматы : Эверо, 2014. - 472 с.

11.Әбсаттаров, Р. Әлеуметтану: өзекті мәселелер.( Екі томды оқу құралы). 1-том [Мәтін] : оқу құралы / Р. Әбсаттаров, М. Дәкенов ; ҚР Білім және ғылым министірлігі. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Пед. Ун-і. - 2-ші бас., толық. - Алматы : Қарасай, 2015. - 408 бет 12.Кемельбеков К. Б. Политология : учебное пособие / К. Б. Кемельбеков , С. М. Таскымбаева. - [б. м.] : Sky Systems, 2023. - 332 с. 6.

13.Аширов Ш. А. Саясаттану : оқу құралы / Ш. А. Аширов, К. С. Кемельбеков, С. М. Тасқымбаева. - Қарағанды : ЖШС "Medet Group", 2022. - 274 б.

14.Ертаев М. А. Социология : учебное пособие / М. А. Ертаев, С.М. Таскымбаева . - Қарағанда : Medet Group , 2022. - 384 с.

15.Ертаев М. А. Әлеуметтану : оқу құралы / М. А. Ертаев, С. М. Тасқымбаева, Ф. М. Каратаева. - Қарағанды : ЖШС "Medet Group", 2022. - 330 б.

**Қосымша әдебиеттер**
1.Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.Қызмет хроникасы.2016 жыл.: басылым / ред. М. Б. Қасымбеков. - Астана : Деловой Мир Астана, 2017. - 368 бет. +эл.опт.диск.(CD-ROM).
2.Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хикаясы 2015 жыл.: басылым / ред. М. Б. Қасымбеков. - Астана : Деловой Мир Астана, 2016. - 400 бет. +эл. опт. диск (CD-ROM).
3.Жанысбеков, М. А. Основы антикоррупционной культуры : учебно-методическое пособие / - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 198 с.
4.Синглтон Ройс А. Әлеуметтік зерттеу әдістері = Approaches to Social Research : оқулық / Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрейтс ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Н.Ә. Муминов. - 6-шы бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 816 б. с
5.Хейвуд Эндрю Саясаттану = Politics : оқулық / Эндрю Хейвуд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 520 б. с
6.Коннолли Мэри Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы = Social Work:Contexts and Practice : оқулық / Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мейдмент ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 384 б. с
7.Бринкерхоф, Д. Әлеуметтану негіздері [Мәтін] : оќулыќ / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега ; Қаз.тіл.ауд.С.А Амандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с. : (Рухани жаңғыру).

**Электронды басылымдар:**
1.К.У. Биекенов, С.К. Биекенова, Г.А. Кенжакимова
Социология: учебное пособие для студентов вузов. / К.У. Биекенов, С.К. Биекенова, Г.А. Кенжакимова – Алматы: Эверо, 2020. – 472 https://elib.kz/ru/search/read_book/109/
2.Социология. Нысанбаев Ә. Жоғары оқу орындарының студенттеріне оқулық. Алматы, 2020. -206 бет https://elib.kz/ru/search/read_book/729/
3.Әлеуметтану Ертаев М.А., Тасқымбаева С.М., Қаратаева Ф.М. , 2020 https://aknurpress.kz/reader/web/2667
4.Әлеуметтану Тесленко А.Н., Сембина Ж.Ж., Аязбаева А.Т. , 2019 https://aknurpress.kz/reader/web/1800
5.Тәжітаева, Р.С. Саясаттану : Электрондық оқулық. . - Жетісай : "Сырдария" университеті, 2016. http://rmebrk.kz/book/1151746
6.Ритцер, Д.,, Степницки, Д. Әлеуметтану теориясы: Оқулық. - 10-басылым - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856б. -ISBN 978-601-7943-17-2. http://rmebrk.kz/book/1169728
7. Казманов Н.К., Өтемісов Б. Саясаттану: оқу-әдістемелік құралы. Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 144 б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2851
8.Аширов Ш.А., Кемелбеков Қ.Б., Тасқымбаева С.М. Саясаттану: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023. – 274 бет. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2841

9.Саясаттану пәніне арналған әдістемелік құрал. А. Әмірзаққызы. Қарағанды: ЖК «АҚНҰР баспасы», 2016. – 40 б. https://www.aknurpress.kz/reader/web/2347
10.Абдильдина, Х. С. Саясаттану және әлеуметтану : оқу құралы / Х. С. Абдильдина. — Нұр-Сұлтан : Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, 2021. — 96 с. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/127647
11.Исаев, А. У. Саясаттану : практикум / А. У. Исаев. — Алматы, Москва : EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2024. — 177 c. — ISBN 978-5-4497-3723-6. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/144120
12.Политология : методические указания к семинарским занятиям по курсу «Политология» для студентов всех специальностей очной формы обучения / составители Ю. Г. Астахова, Т. В. Большунова. — Липецк : Липецкий государственный технический университет, ЭБС АСВ, 2014. https://www.iprbookshop.ru/55130
13.Гаджиев, К. С. Политология : учебник / К. С. Гаджиев. — Москва : Логос, 2011. — 432 c. — ISBN 978-5-98704-498-8. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/9072
14.Лекции по политологии / В. И. Якунин, С. Г. Кара-Мурза, А. А. Вершинин, А. В. Каменский. — Москва : Научный эксперт, 2014. — 304 c. — ISBN 978-5-91290-230-7. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/23575
15.Политология : учебное пособие / В. Я. Дыханов, Е. Н. Зиза, В. Н. Абрамов [и др.] ; под редакцией А. П. Клемешев. — Калининград : Балтийский федеральный университет им. Иммануила Канта, 2005. — 125 c. https://www.iprbookshop.ru/23866
16.Мацюк Дмитрий Анатольевич, Давлетьярова Балжан Хамидулловна Социология-политология https://mbook.kz/en/index_brief/730/

**4.Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин**
Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.
-Саясат деген не, ол қашан пайда болды?
-Саясаттанудың негізгі қарастыратын мәселелері?
-Саясаттану өз алдына қашан жеке пән ретінде қалыптасты?
1. Көне Шығыстағы саяси ойлар тарихының ерекшелігі неде?
2. Көне Үндістандағы касталық жүйенің қоғам өміріндегі орны мен рөлі қандай? Саяси ілімдер тарихы
3.Көне Қытайдағы саяси мектептерді атап өтіңіз.
4.Конфуций ілімдерінің қытай қоғамындағы орны қандай? (өткен заманмен салыстырыңыз).
5.Аристотельдің саяси философиялық көзқарасы қандай болды?
6. Көне Грекиядағы саяси ілімдер тарихының ерекшелігі неде?
7. Аристотель мен Платон идеяларындағы орта таптың негізгі рөлі қандай?
8. Ежелгі Римдегі саяси ілімдерге сипаттама беріңіз.
**1.Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.**
2.Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.
5) Сабақты қорытындылау. 5 мин
**5.6. Бақылау сұрақтары:**

1.Оқушыларды бағалау.
2. Келесі сабақ тақырыбын қысқаша хабарлау.
Үйге тапсырма беру. 5 мин
**1.Тапсырма:** Саясаттанудың сіздің мамандығыңызға әсері –эссе жазу

**№2- сабақ.**
**5.1.Тақырыбы:** Саяси билік.
Саяси жүйе туралы ұғым,мемлекет және азаматтық қоғам.
Мемлекеттің пайда болуы.
Саяси партиялар мен қоғамдық- саяси қозғалыстар.
Демократия.
**Сағат саны:** 90 мин
**Сабақ түрі:** теория
**5.2. Мақсаты:** Билік пен мемлекет – қоғам дамуының өзегін талдау.
**Ұйымдастыру кезеңі:**5- мин.
а) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
б) Сабақтың мақсаты мен міндетін таныстыру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 25 мин.
а) Барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
в) Оқушылылардың білімдерін бағалау;
г) Үй тапсырмасын қорытындылау.
**Жаңа сабақты түсіндіру:**35 мин
**5.3. Дәрістің тезисі:**
Саясаттың негізгі мәселесі билік болғандықтан, саясатта билік теориясы үлкен орын алады. Билік саясаттың саяси институттар мен барлық саяси әлемнің мінін түсініп-білуге көмектеседі. Шығыстың көрнекті ойшылы Ибн-Халдун (1332-1406) адамның басқа жан-жануарлардан ерекшелігі - ол билік үшін күреседі деген екен.
Ағылшын философы, қоғам қайраткері Бертран Рассель (1872-1970) физикада басты ұғым энергия болса, қоғамдық ғылымдарда негізгі ұғым билік болып табылады деген.
Американың әйгілі әлеуметтанушысы Талкотт Парсонс {1902 - 1979) экономпкалық жүйеде ақша қандай орын алса, саяси жүйеде билік те соншалықты орын алады деп тұжырымдаған.
Билік туралы мынандай тұжырымдамалар бар: Телеологиялық, бихевиористік, инструменталистік, структуралистік, конфликтілік.
Сонымен билік деп біреудің екіншілерге әмірін жүргізіп, олардың іс-әрекеті, қызметіне ықпал етуін айтады.
Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде билік қоғамдық сипатта болды. Мұнда қауым болып тайпаларды басқарды. Құл иеленушілік құрылыста құл иеленушілер және құлдар пайда болып, теңсіздік туды. Бір таптың екінші бір тапты бағындыру қажеттілігі туды. Осылай билік аппараты дүниеге келді, адамдарды еркінен тыс, ықтиярсыз еркіне көндірген мекемелер пайда болды.
"Билік" сөзі әр мағынада қолданылады. Оны ықпал ету бағытына объектісіне байланысты былай бөлуге болады:
- Ата-аналар билігі.

- Мемлекеттік билік.
- Экономикалық билік.
- Саяси билік.
- Әлеуметтік билік.
- Құқықтық билік.
- Әскери билік.
- Рухани билік, т.с.с.

Бірақ биліктің толық мағынасы мемлекеттік-саяси салада ғана айқындалады. Сондықтан саяси билік биліктің ең негізгі түріне жатады.
Биліктің басқа түрлерімен салыстырғанда саяси биліктің мынадай ерекшеліктері бар оның өктемдік сипаты, оның бүкіл қоғамның атынан билік жүргізуі, басқарумен кәсіби айналысатын адамдардың мүддесін қорғауы, басқа мекемелерге қарағанда билік органдарының тәуелсіздігі, қоғам өмірінің жұмыс тәртібін белгілеуде жеке-дара құқығы, мемлекет шеңберінде ашық күш қолдана алуы, т.с.с.
Саяси билік бар жерде тенсіздік бар. Мұнла біреулер билеуге құқықты да, екіншілері оларға бағынуға міндетті. Бұл теңсіздік неден туады? Саяси биліктің қарамағында теңсіздікті қамтамасыз ететін әдіс-құралдары бар.
Экономикалық қор. Қандай саяси билік болмасын оған қаржы-қаражат керек. Мысалы: сайлау науқаны уақытында көп қаржы жұмсалады. Мемлекет тарапынан бөлінген қаражат жетістпегендіктен шетелдерде үміткерлер жеке бай адамдардың бірлестіктердің көмегіне сүйенеді. Билеуші аппаратты ұстап тұру үшін көп қаражат керек. Және үкімет басына келушілер өз реформаларын ала келеді. Мысалы: АҚШ президенттері Ф.Рузвельт "Жаңа бағыт", Дж. Кеннеди "Жаңа шеп", т.с.с. Экономикалық қорға қоғамдық өндіріс пен тұтынуға керек басқа да материалдық құндылықтар, құнарлы, шұрайлы жерлер, пайдалы қазба байлықтары, т.б. жатады.
**Саяси жүйе** - билікті жүргізуші әлеуметтік топтар, таптар, ұйымдар мен мемлекеттер арасындағы өзара қатынастарды реттейтін, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін ұйымдар, мекемелер мен институттар жиынтығы. Оның негізгі элементтеріне мемлекет, саяси партиялар, дін орындары, қоғамдық-саяси ұйымдар және т.б. жатады.
Саяси жүйелердің жіктелуі
Саяси жүйелердің жіктелуі жөнінде ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Саяси жүйені жіктеу зерттеушілер таңдаған өлшемге байланысты. Саяси жүйені жіктеудің ең кең тараған түрі, оның саяси тәртібіне қарай тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық деп бөлінуі.
Француз саясаттанушысы Ж.Блондель саяси жүйені басқарудың мазмұны мен түрлеріне сай оны 5 түрге бөледі:
1) либералдық демократия. Ол саяси, мемлекеттік шешімдерді қабылдағанда меншікке иелік етуі, жекешілдік, еркіндік сияқты құндылықтарды басшылыққа алады;
2) коммунистік жүйе. Ол әлеуметтік игілікті тең белуге бағдар ұстайды;
3) дәстүрлі саяси жүйе. Ол ат төбеліндей ақсүйектердің саяси және экономикалық үстемдігіне негізделеді;
4) Дамып келе жатқан елдерде қалыптаса бастаған саяси жүйе. Онда авторитарлық басқару белең алады;
5) авторитарлы-консервативтік жүйе. Онда әлеуметтік және экономикалық теңсіздік сақталады, халықтың саяси билікке қатысуына шек қойылады.
**Биліктің легитимділігі**
Билік саяси және мемлекеттік болып екіге бөлінеді.

Саяси билік таптық, топтық және жеке адамның саясатта тұжырымдалған өз еркін жүргізу мүмкіндігін білдіреді.
Ал мемлекеттік билікке барлық адамдарға міндетті заңдарды шығаруға жеке құқығы бар заңдар мен ұйымдарды сақтау үшін ерекше күштеу аппаратына сүйенетін саяси биліктің түрі жатады.
Мемлекеттік биліктің заңдылығы оның легитимділігінен білінеді. Легитимдік (латын тілінде заңдылық, шындық деген мағынаны білдіреді) дегеніміз- халықтың үстемдік етіп отырған саяси билікті мойындауы, оның заңдылығы мен шешімдерін растауы.
Демократиялық жағдайда мемлекеттік билік легитимді болуы үшін мынандай екі шарт қажет. Ол халықтың қалауы бойынша қалыптасуы және көпшіліктің еркіне қарай орындалуы керек. Яғни, мемлекеттік биліктің басшысын белгілі бір мезгілге тура немесе жанама түрде халық сайлауы керек және оның жұмысын бақылап отыруға мүмкіндік болуы тиіс.
Мемлекеттік билік конституциялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуы керек.
Немістің көрнекі ғалымы Маркс Вебер билік басына келудегі легитимдіктің үш үлгісін көрсетті:
1. Әдет-ғұрыптық легитимдік – халықтың санасына сіңген, әбден бойлары үйреніп, дұрыс деп тапқан салт-дәстүрлерге сүйенеді. Мысалы: хан, патша, сұлтан, т.с.с.
2. Харизматикалық легитимдік – ерекше батырлығымен, адалдығымен немесе басқа үлгі – қабілет-қасиеттерімен көзге түскен адамды басшы етіп жариялап, соның соңынан ереді. Мысалы: Мұхаммед пайғамбар, т.с.с.
3. Ақыл-парасаттың, құқықтың легитимдігі – қазіргі саяси құрылым орнатқан құқықтың ережелерге, тәртіптің ақыл-ойға сыйымдылығына негізделеді.

**Мемлекеттің пайда болуы**

Мемлекет – белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы.
Діни теория – мемлекеттің, мемлекеттік биліктің пайда болуының құдайлық бастамасын негізге алады, «барлық билік құдайдан» деген тұжырымдаманы бекітіп, жақтайды. Бұл теорияның көрнекті өкілдерінің бірі – Фома Аквинский.
Патриархалды теория – мемлекеттің пайда болуын отбасымен байланыстырады, ал мемлекет басшысының билігін отбасы мүшелерінің алдындағы әке билігінен туындатады. Бұл теория Грецияда пайда болған, өз негіздемесін Аристотельдің еңбектерінен иеленсе, өз дамуын ағылшын ғалымы Филмердің еңбектерінен тапты.
Шартты теория – XVII-XVIII ғасырларда кеңінен тараған. Оны жақтаушылардың қатарынан Голландияда Гуго Гроций мен Спиноза, Англияда Д.Лок пен Т.Гросс, Францияда Ж.Ж.Руссо, Ресейде А.Радищев орын алды. Шарттық теорияға сәйкес, мемлекет шарт нәтежесі ретінде пайда болады, оның қатысушылары болып адамдар табылады, олар шарттың негізінде өз бостандықтарының, өз билігінің бір бөлігін мемлекетке береді.
Күштеу теориясы – мемлекеттің пайда болу негізі ретінде күштеу әрекетін, бір халықтың екінші халықты жаулауын таниды. Жауланған халықтың үстінен билікті бекіту үшін соған күштеу жүргізу үшін мемлекет құрылады. Күштеу теориясы XIX ғасырда пайда болды, оның өкілдері – Л.Гумплович, К.Каутский, Е.Дюринг.
Психологиялық теория – мемлекеттің пайда болуын адам психикасының көріністерімен: бағыну қажеттілігімен еліктеумен, алғашқы қауымдық қоғамның жоғарғы топтарына тәуелділікті сезінумен, белгілі бір әрекет түрлерінің әділдігін түсінумен және т.б. байланыстырады. Психологиялық теорияның өкілдерінің қатарынан Л.Петражицкий мен Г.Тардты атауға болады.

Органикалық теория. Бұл теорияның өкілдері Г.Сперанский, Вормс, Х.Прейс мемлекетті ағза ретінде түсіндірді. Оның бөліктері арасындағы тұрақты байланыстар тірі ағзаның бөліктері арасындағы байланысқа теңестіріледі, яғни мемлекет биологиялық дамудың бір түрі ретінде көрініс табатын әлеуметтік даму өнімі. Биологиялық ағзаның бір түрі ретінде мемлекеттің өз миы мен оның шешімдерін жүзеге асыру құралдары болады.
Материалистік теория – мемлекеттің пайда болуын әлеуметтік-экономикалық бөлінумен, яғни, жеке меншіктің пайда болуы мен және қоғамның таптарға бөлінуімен байланыстырады. Бұл теорияның өкілдері – К.Маркс, Ф.Энгельс,В.И.Ленин – мемлекет бір таптың екінші таптың үстінен үстемдігін сақтау және бекіту, қоғамның біртұтас ағза ретінде өмір сүруі мен қызмет етуін қамтамасыз ету мақсаттарында пайда болған деп санайды
Мемлекеттік аппарат – заңнамада бекітілген бірыңғай қағидалар мен билік бөлінісі негізінде құрылған және қажетті материалдық құндылықтармен қамтамасыз етілген мемлекеттік органдар жүйесі.
Мемлекет түсінігі, мәні мен белгілері:
Мемлекет адам баласының өмір сүру ортасындағы маңызды саяси ұйым. Маңызды ұйым ретінде мемлекет үнемі бар болып келген жоқ. Мемлекет өзіне тән белгілерінің күрделене дамуының барысында бірте-бірте қалыптасты.
Ғылыми болжамға сүйенсек, жер шары бұдан 4-5 млрд., ал ондағы алғашқы адамдар шамамен 2 млн.жыл ілгері пайда болған екен. Айталық, біздің елімізде, яғни, Қазақстан аумағында алғашқы адамдар 1 млн. жыл бұрын өмір сүрген деген археологиялық қазбалар нәтижесіне негізделген дерек бар. Жыл санаудан 40 мың жыл бұрын «саналы адам» біржола қалыптасып үлгерді.
Ал, адамзат тарихындағы ежелгі мемлекеттер заманымызға дейін 4-5 мың жыл бұрын пайда болыпты. Ондай мемлекеттер қатарында шығыстың ежелгі Бабыл, Мысыр, Үнді мен Қытай елдерін атауға болады.
Сөйтіп, саяси құрылым ретінде мемлекет пайда болу, қалыптасу мен даму белестерін басынан кешкен. Мемлекеттің өткеніне көз жүгірту арқылы осы күнгі мемлекет өміріндегі мәселелерді түсінуге ықпал етіп, оң келешегін болжауға мүмкіндік береді.
Рулық құрылым адамдардың қандық туыстық негізінде бірігіп еңбек ететін ортасы. Оған ру көсемдері билік жүргізген. Маңызды мәселелер ақсақалдар кеңесінде талқыланған. Ру-тайпа өмірі әдет-ғұрып ережелерімен реттелген.
Мемлекеттің оны рулық құрылымнан ерекшелейтін өзіне тән белгілері бар. Мемлекеттің ондай белгілерін анықтау арқылы оны басқа да қоғамдық құрылымдардан ажырата аламыз. Мемлекеттің түсінігін анықтап, оның қоғамдағы атқаратын қызметіне қарай мемлекеттің мәніне көз жеткізуге болады.

**5.4.Иллюстративті материал**:
а) техникалық құралдар:компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
ә) көрнекі және дидактикалық құралдар:өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер,тест тапсырмалары,сөзжұмбақтар

**5.5 Әдебиеттер:**

1.Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 208 с.

2.Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: оқулық / Д. Ритцер, Д. Степницки ; қаз. тіл. ауд. Г.О. Әбдікерова [және т.б.]. - 10- басылым. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856 б. с. : (Рухани жаңғыру

3.Бринкерхоф, Д.Әлеуметтану негіздері: оқулық / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега ; Қаз.тіл.ауд.С.А Амандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с. : (Рухани жаңғыру).

4.Нысанбаев, А. Н. Политология: учеб. для вузов - Алматы : Эверо, 2014. - 384 б

5.Куппаева Б. Т. Политология. Т.1 : учебник для студ. вузов / Б. Т. Куппаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 224 с

6.Куппаева Б. Т. Политология. Т.2 : учебник для студ. вузов / Б. Т. Куппаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 272 с

7.Куппаева Б. Т. Политология. Т.3 : учебник для студ. вузов / Б. Т. Куппаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 268 с

8.Куппаева Б. Т. Политология. Т.4 : учебник для студ. вузов / Б. Т. Куппаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 296 с

9.Әлеуметтану : жаңа буынға арналған оқулық / А. Н. Тесленко, Ж. Ж. Сембина, А. Т. Аязбаева ; ҚР білім және ғылым министрлігі. "ҚазГЮУ университеті" АҚ. - Қарағанды : ЖШС "Medet Group", 2015. - 340 бет

10.Биекенов, К. У. Социология [Текст] : учеб. пособие / К. У. Биекенов, С. К. Биекенова, Г. А. Кенжакимова. - ; Рек. Учен. Советом фак. философии и политологии КазНМУ им. аль-Фараби. - Алматы : Эверо, 2014. - 472 с.

11.Әбсаттаров, Р. Әлеуметтану: өзекті мәселелер.( Екі томды оқу құралы). 1-том [Мәтін] : оқу құралы / Р. Әбсаттаров, М. Дәкенов ; ҚР Білім және ғылым министірлігі. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Пед. Ун-і. - 2-ші бас., толық. - Алматы : Қарасай, 2015. - 408 бет 12.Кемельбеков К. Б. Политология : учебное пособие / К. Б. Кемельбеков , С. М. Таскымбаева. - [б. м.] : Sky Systems, 2023. - 332 с. 6.

13.Аширов Ш. А. Саясаттану : оқу құралы / Ш. А. Аширов, К. С. Кемельбеков, С. М. Тасқымбаева. - Қарағанды : ЖШС "Medet Group", 2022. - 274 б.

14.Ертаев М. А. Социология : учебное пособие / М. А. Ертаев, С.М. Таскымбаева . - Қарағанда : Medet Group , 2022. - 384 с.

